

## Туған ел ұмытпайды өз баласын

Өлкемізден шыққан жаны жайсаң халықтың мандайынан жалт етіп шыққан жарық жұлдыздар жетерлік. Соның бірі және бірегейі, үлгі қылып айтатын тұлға Жанайдар Сәдуақасов. Жерлесіміз не бәрі 40 жас өмірінде өзінің туған халқы мен келешек ұрпақтары үшін игілікті істер атқарып, зор еңбек сіңірді. Кәсіби қызметтік өсудің барлық сатысынан өтіп, мемлекеттік аппараттың ең биік шыңына көтерілген Жанайдар Сәдуақасов мәдениет пен өнердің, ұлттық баспасөзді дамыту, білім беру орындарын ашу, заңдылықты сақтау және нығайту секілді маңызды істерді жүзеге асыруға аянбай атсалысты. Жанайдардың текті ата-анасының тәрбиесі мен өскен ортасы оның пайым-парасаты жоғары, әрқашан халқына қамқор үлкен жүректі азамат болып қалыптасуына ықпал етті.

Ж.Сәдуақасовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін зерттеу барысында ол өмір сүрген кезеңінің күрделі саяси оқиғаларға толы болғандығын ескеру қажет. Қазан төңкерісі өзге қазақ жастары секілді оның да өзі-өзі тану қабілетінің өсу сәтіне сәйкес келіп, Кеңес үкіметіне сенімін бекітті. Оның негізгі ұстанымы ұлтты жаңа заман талаптарына бейімдеу, оқу-білімге шақыру және социалистік даму жолына үндеуге бағытталды. Өмірінің соңына дейін партия саясатын шынайы қолдаған, қалтықсыз жүзеге асырған Жанайдардың қоғамдық-саяси қызметі Қазақстан тарихынан лайықты бағасын алуы тиіс. Оның өмір жолынан жандүниесі мен дүниетанымы жоғары күрескер қайраткердің бейнесін көруге болады. Мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі мен қызметін алдыңғы жас буын өкілдеріне, өскелең ұрпаққа біз барынша жан жақты дәріптеуіміз керек. Осы мақсатта ұлы қайраткерді ұлықтау және қоғам қайраткерінің туғанына 125 жыл толуына орай «Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық-библиографиялық бөлім кітапханашылары Түгіскен ауылдық округіне іс-сапар ұйымдастырды. «Туған ел ұмытпайды өз баласын» деп аталатын игі шараның басты мақсаты елімізге ерекше үлес сіңірген нар тұлғалы азаматтың атын ұлт ұландарына кеңінен таныстыру. Сапар барысында Ж.Сәдуақасовтың інісі Тиыштықбай Қожахметов пен сұхбат ұйымдастырылды. Мәдениет үйінде ұйымдастырылған тамаша шараның куәсі болдық. «Туған жер ұмытпайды өз баласын» атты көрмені көпшілік назарына ұсынып, Жанайдар Сәдуақасовтың шөберелері Құрман Бейбарыс пен Бекарыс аталарына арнап өлең жолдарын оқыса, Ж.Сәдуақасов туралы деректі фильмді тамашаладық. Ұрпақтарынан үзінді сыр тыңдап, ерекше естеліктерді ел назарына ұсынды. Тамаша кеш сырлы сазды концерттік бағдарламамен жалғасын тапты. Жанайдар Сәдуақасовтың туғанына 125 жыл толуына орай ұйымдастырылған ерекше іс-сапар жоғары деңгейде өтті.

**Арайлым Берлібаева,**

**«Сәкен Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ ақпараттық-библиографиялық бөлім кітапханашысы**